

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «15» желтоқсан 2024жыл

Өткізілген орны: балабақша акт залы

Қатысқандар: 17 қызметкер

Төраға: Р. Чуйтанова

Хатшы: Ж.Балгабаева

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстыру, жаңа оқу жылына дайындық.
2. Тамақтану сапасына жүргізілген сараптама.
3. 2024 жылдың I жартыжылдығында сырқаттанушылықты талдау.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Директор Р. Чуйтанова балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын таныстырды. Жаңа оқу жылына дайындықты талдады.

2-мәселе: Тамақтану сапасына жүргізілген сараптама

Тыңдалды:

Мейірбике А. Малайсариева балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша жүргізілген сараптама қорытындысын таныстырды. Ас мәзірінің перспективалық мәзірге сәйкестігі, тағамдардың сапасы мен құнарлылығы, тәуліктік нормалардың сақталуы, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі, сақтау мерзімі мен санитариялық талаптардың орындалуы туралы баяндады.

3-мәселе: 2025 жылдың I жарты жылдығындағы сырқаттанушылықты талдау

Тыңдалды:

Медбике 2025 жылдың I жартыжылдығында балалардың сырқаттанушылық көрсеткіштеріне талдау жасады. Есепті кезеңде негізінен жіті респираторлық вирустық инфекциялар мен маусымдық аурулар тіркелгені, жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-профилактикалық іс-шаралардың жүйелі жүргізілгені айтылды. Денсаулық сақтау талаптарының сақталуымен профилактикалық жұмыстарды жалғастыру қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы:

1. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкес орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігіне күнделікті бақылау жүргізілсін.
4. І жартыжылдықтағы сырқаттанушылықты талдау қорытындысы назарға алынсын.
5. Санитариялық-гигиеналық және профилактикалық іс-шаралар тұрақты жүргізілсін.
6. Ата-аналар арасында балалардың денсаулығын нығайту және аурудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
7. Денсаулық сақтау талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Төраға:

Р.Чуйтанова

Хатшы:

Ж.Балгабаева

